

Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 наурыздағы N 229 Қаулысы

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңының 8, 9 және 46-1-баптарына сәйкес және сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін сақтау әрі қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының аумақтарында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің қарамағындағы жалпы алаңы 6258000 га республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағы ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті үш ай мерзімде республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағының паспортын әзірлесін және белгіленген тәртіппен тіркесін.

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағының аумағында орналасқан жер учаскелері мен жер пайдаланушылардың тізбесін анықтасын.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының әкімдерімен бірлесіп, бір жыл ішінде белгіленген тәртіппен:

мемлекеттік қорық аймағының аумағын функциональдық аймақтарға бөлу, оны күзету режимі мен реттелетін рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттардағы пайдалану талаптарын анықтау, алаңы мен шекарасын нақтылау жөніндегі жұмыстарды орындауды қамтамасыз етсін;

пайдалы қазбаларды барлауды және өндіруді жүргізу, су таратқыш төсемі мен басқа да шаруашылық қызмет үшін арнайы экологиялық талаптар әзірлесін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі